

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы

«Жарқыра шырша»



Тәрбиешілер: Сейдуалиева Г.
Искакова Б

«Жарқыра шырша»

Тәрбиеші: Құрметті Ата–аналар,балалар келе жатқан жаңа жыл құтты болсын, жаңа жыл әр отбасына амандық,бақыт,қуаныш әкелсін . Жаңа жылға арналған «Жарқыра шырша» атты «Айгөлек» тобының ертеңгілігін қабыл алыңыздар.

Қане қане балалар

Бәрің бермен қараңдар

Шырша қандай әдемі

Қош келдіңдер балалар.

Балалар қараңдаршыы шыршамыз қандай әсем, ойыншықтарымыз қандай әдемі ,осы шыршаға арнап жаңа жылдық тақпақтарымызды айтайық.



Тақпақтар

1. Мөддір Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймыз сіздерді.

2. Бегарыс Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың
Оранды ақ көрпе
Асқар тау, қарлы шын.

3. Нұрай Ақ қар жапты даланы

Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын
Шырша келді ортаға.

4. Бағлан Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды караса.

5. Мардан Жасыл шырша орманнан,

Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар
Шыршаға әсем іліпті.

6. Анелъя Аспан жерге төгеді,

Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап.

7. Ш. Айзере Жүзімізге күлкі ойнап

Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап

Шағтанамыз бәріміз.

8. Әділ Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл

Қызыл ала шапаны,
Сағындым аязатаны

9. Альбина Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды
Мүз болады қатады

Жып-жылтыр боп жатады.

10. Айару Жылдың әнін бастайын
Аяз ата кеп қалды
Майысады жас қайың

Көтере алмай көп қарды.

11. Раяна Ақ қырауга малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

12. Айзере Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

13. Рауан Дала нұр, қала нұр
Құтты болсын жаңа жыл
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

14. Алуа

15. Мұхамеджан Көрдіңбе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны.

16. Адина Аяз ата жол салып
Ақ боранмен алысқан
Балаларға базарлық
Алып келді алыстан.

17. Альбина Тамаша, тамаша
Аяз ата келеді
Әнімізге қосылып
Бізге сыйлық береді.

18. Омар Тілеймін бар әлемге
Дос көп болсын жаңа жыл

Ата-әже, ата-әже

Құтты болсын жаңа жыл.

19. Аянат Әдемелеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

20. Ердәулет Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Тәрбиеші

Ән салындар күліндер
Жайнап гүлдей жүріндер
Жаңа жылды тойлайық
Би билейік ойнайық.

Би: Снежинки



Би: Аңдар

Тәрбиеші: Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты құлақ түрейік кім екен
Мұз ханшайымының келуі.

Балалармен ойын.

Тәрбиеші:

Келді міне жаңа жыл
Қарсы алайық бәріміз
Күліп ойнап ән шырқап
Би билейік бәріміз

Би: Үнді биі. 1. Анелья

2. Адина

3. Раяна

4. Рауан

Ата аналармен ойын:

Би: Гномдар



1. Мұхамеджан


2. Ердәулет

3. Бегарыс

4. Баглап

5. Әділ

Ата –аналармен ойын



Би: Хафана 1. Альбина

2.Альбина

3.Айару

4. Аянат

5. Айзере Ш